

Х А Т Т А М А

Арал қаласы

06 сәуір 2026 жыл

«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2025 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының директорының орынбасары - М. Аралбаев

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж.Әлібек – Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы
2. М. Әнесов – Арал қаласы әкімдігінің бас маманы
3. А. Тулебаев – Арал аудандық мәслихатының депутаты
4. Т. Қанатов – Арал аудандық «AMANAT» партиясы филиалының атқарушы хатшысы
5. Ж. Жұқабаев Арал қаласы көше комитеті әскери ардагер
6. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Арал қаласындағы жеке және заңды су тұтынушылары – 42 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылы атқарылған жұмыстарының есебі

(Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының директорының орынбасары - М. Аралбаев тыңдауды ашып баяндамашы бөлімше басшысы И. Қапаровқа сөз берді. И. Қапаров өз кезегінде төмендегіше баяндама жасады.

“Қазсушар” Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының “Сыр суы” филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 43 насос стансасы, 28 дана су ұңғымасы, 1577,3км су құбыры желілері, оның ішінде 739,7 шақырым магистральды су құбырлары және 837,692 ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында 1590 дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында 4405 дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының 43 және Қазалы ауданының 22 елді мекендерінің 165 мыңға жуық тұрғындарын, Арал ауданындағы шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де 600 мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Өндірістік бөлімшеде 300 жұмысшы-қызметкер, 24 дана техника жұмылдырылған.

2025 жылы Қосаман бас су тоғанынан 4 020 20,60 текше метр ауыз су өндіріліп, Арал және Қазалы аудандарына 3 878 193,304 текше метр ауыз су таратылды. (Су шығыны 141 897,29м³ 3,53%)

Оның ішінде Арал ауданына 1 861 096, 046 м³ ауыз су тұтынушыларға таратылды.

Өндірістік бөлімше Арал ауданының 43 елді мекенінің 15145 абонентін (85186 адам) оның ішінде Арал қаласында 8028 абонент, Жақсықылыш кентінде 869 абонент, Сексеуіл кенті 2380 абонент және елді мекендер бойынша 4528 абонентін тұрақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Арал ауданы бойынша су есептегіш құралымен су ішіп отырған абонент саны 14893, көше колонкасынан су тұтынушылар саны –174 және арнайы су таситын автокөлікпен қамтамасыз етілетін тұтынушылар саны – 66 абонент. Мекеме саны 572 дана.

Ауыз су төлемін жеңілдету мақсатында төлем ақыны Kaspi қосымшасы арқылы төлеуге боладылығы жөнінде Арал қаласы әкімдігімен бірлесіп, аудан көлеміндегі әлеуметтік желілерге хабарламалар беру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Арал қаласы, Сексеуіл кенті, Жақсықылыш кенті, барлық орталықтандырылған ауыз су желісіне қосылған халықтың 100% Kaspi қосымшасымен ауыз су төлемдерін жасады.

Бекітілген кестеге сәйкес Арал қаласы, Жақсықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына технологиялық құбырларға техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

№18, №14, №12, №21, №26 суырылып тексеріліп ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Өрт гидранттарына Аудандық өрт сөндіру бөлімімен бірлесіп 2025 жылы көктемгі- күзгі тексеру жұмыстары жүргізіліп, анықталған 15 дана өрт гидранттары кемшіліктері бойынша жұмыстар жасалып, нәтижесінде анықталған кемшіліктер жойылды.

Өзге қызмет түрлері бойынша есебі.

- Су есептегіш құралының жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру – **1 267 дана,**
- Су есептегіш құралының заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру – **104 дана,**
- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату -**320 дана.**
- Заңды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату **68 дана**
- Жеке және заңды тұлғалардың су есептегіштеріне пломба орнату – **3272 дана**

- Жеке және заңды тұлғаларға қайта пломба орнату – 1 172 дана
- Жеке тұлғаларды техникалық келісім-шартқа отырғызу –1 405 дана
- Заңды тұлғаларды техникалық келісім – шартқа отырғызу –104 дана
- Жеке тұлғалардың су құбырына қосылуы(врезка) - 311 дана
- Заңды тұлғалардың су құбырына қосылуы(врезка) - 65 дана
- Жеке тұлғалардың су құбырын жүргізу үшін Эсковатормен қазу жұмыстары -163 метр

- Заңды тұлғалардың су құбырын жүргізу үшін Эсковатормен қазу жұмыстары -89 метр

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.

- Сексеуіл – Арал бағытындағы ескі ТНГ 1000 су құбырының бойынан 16 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу, құбыр алмастыру жұмыстары жүргізілді.
- Арал – Аралқұм бағытындағы ТНГ800 су құбырының бойынан орын алған 5 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Аралқұм- Камыстыбас аралығындағы ТНГ 800 магистральды су құбырлары бойындағы орын алған 8 ақауды темір листамен қаптап жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Қаратерең, Тастақ, көне Қаратерең, Аққұлақ, Хан, Қосжар,Аралқұм, Ескіұра, Үкілісай, Ақшатау, Бекбауыл, Құмбазар елді мекендердегі су көтеру мұнараларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Райым елді мекеніне жаңадан су көтеру мұнарасы ауыстырылды.
- Қосаман НС 3дана, №20 Арал қалалық НС 3дана, №3Арал НС-3дана, Аралқұм НС 3дана, Қамбаш НС-6дана Гурндфос маркалы насостарына техникалық күтім жасау жұмыстары мердігер арқылы жүргізілді.
- Күз –қыс мезгілдерінде электр энергиясын үнемдеу мақсатында №2 Бердікөл су көтеру насос стансасы мен №3 Арал су көтеру насос стансаларындағы насос қондырғылары сөндіріліп «Байпас желісі» арқылы су беріліп тұрды.
- Хан елді мекеніне су беретін 2,0 шақырым су құбыры жаңадан ауыстырылды.

Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің 16.03.2015 жылғы №209 қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық –ауыз сумен

жабдықтауға суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бөлімшеге қарасты нысандардан химиялық көрсеткіштер бойынша 13 059 сынама, бактериологиялық көрсеткіштер бойынша 1 280 сынамалар алынды. Ауыз судың сапасы ҚР МемСТР-2874-82 стандартына сәйкес келеді.

Жоспарлы түрде аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына көктемгі- күзгі жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Қысқы дайындық жұмыстары бойынша:

- Қосаман бас су тоғанындағы 25 су ұңғымалары бойынша технологиялық құбырларына термокабельмен жабдықтау жұмыстары жүргізіліп жылу пештері орнатылды.

- Қосаман – Бердікөл – Сексеуіл магистральды су құбыры бойындағы 65 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталды.

- Қосаман – Ақеспе бағытындағы 20,5 шақырым су құбыры бойындағы 15 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталды және су құбырларын көму жұмыстары жүргізілді.

- I су көтеру Жалаңаш - №16 Жалаңаш елді мекені бағытындағы 56 шақырым су құбыры бойындағы 15 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталды және су құбырларын көму жұмыстары жүргізілді.

- Сексеуіл – Арал аралығындағы магистральды су құбыры бойындағы 30 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталып, ашылып қалған 7 шақырым су құбырларды көму жұмыстары жүргізілді.

- Арал – Аралқұм аралығындағы магистральды су құбыры бойындағы 75 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталып, ашылып қалған 9 шақырым су құбырларды көму жұмыстары жүргізілді.

- Аралқұм - Қамыстыбас аралығындағы магистральды су құбыры бойындағы 25 дана бақылау құдықтарының қақпақтарын қымтап жабу және, 7 шақырым ашылып су құбырларды көму жұмыстары жүргізілді.

- Қамыстыбас – Бөген – Қаратерең бағытындағы магистральды су құбырлары бойындағы 95 дана бақылау құдықтары қақпақтары қымталып жабу және 5 шақырым ашылып қалған су құбырларын көму жұмыстары жүргізілді.

- Арал қаласындағы 160 дана бақылау құдықтары қымталып жабылып, ашылған су құбырлары толықтай көмілді.

- Бөлімшеге қарасты барлық елді мекендердің 370 дана бақылау құдықтары қымталып жабылып, ашылған су құбырлары толықтай көмілді.

Алдағы уақытта бөлімше тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоспарлаған жұмыстарын жалғасытыра береді. Жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілгендігін айтып өтті.

Баяндамашы И. Қапаров ұсыныс пікірлерге кезек берді

А. Жолмағамбетов ардагерлер төрағасы мекемедегі атқарылған жұмыстарға көңілі толатындығын және жұмыстарына сәттілік тілеп, әрі қарай жұмыстарын жалғастыра берулеріне тілекші екендігін білдірді.

Т. Канатов – Арал аудандық «АМАНАТ» партиясы филиалының атқарушы хатшысы мекеменің атқарып жатырған жұмыстарына оң бағасын беріп алдағы уақытта жұмыстарына сәттілік тіледі.

Қорытынды:

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11⁰⁰нан-13⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшысы:



М. Аралбаев

С. Озимбетова

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«06»сәуір 2026 жыл

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2025 жылдың есеп қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: **Аралбаев Минайдар Сырымович** - «Қазсушар»ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директордың орынбасары-бас инженердің м.а.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. **Әлібек Жандарбек** – Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы
2. **Ешепетов Жасәділ Жетербайұлы** - Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы.
3. **Жалғасбаев Нургиса Жаппарбергенович**–Қазалы аудандық маслихат депутаты.
4. **Жүсіп Жаңаберген Серікұлы** – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің бастығы.
5. **Алданазаров Талғат** - «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
6. **Калимбетов Алтынбек** - «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше бастығының орынбасары.
7. **Қалиева Марал**- Хатшы – «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.
8. Бөлімшенің қызметкерлері
9. Ауыз су тұтынушы тұрғындар.
10. Көше комитетінің төрағалары.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – бөлімше бастығы Ж. Жүсіп)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдауды- «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директордың орынбасары - бас инженердің м.а.**Аралбаев Минайдар Сырымович**ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімше бастығы Ж. Жүсіп 2025 жылы атқарылған жұмыстарымен бөлімшенің бүгінгі күнгі жағдайы бойынша баяндама жасады.

Ж. Жүсіп сөзін бөлімшені қамтамасыз етіп отырған мамандар, техникалар, су нысандары және ауыз су тұтынушылардың есебімен бастады. Сонымен қатар, таратылған ауыз су көлемін, жиналған қаражатты, су шығыны туралы, жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына, орын алған ақауларды қалпына келтіруге, ағымды жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаржының есебі туралы және Пірімов, Ақтан батыр және Басықара елді мекендерінде жаңадан су қыспақты мұнаралардың орнатылғандығы туралы атап өтті. Аудан әкімдігіне және «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалына ұжым атынан көрсеткен зор қолдауымен қамқорлығы үшін шын жүректен алғысын білдірді. Бұдан басқа, бөлімшенің су нысандарындағы өзекті мәселелеріне тоқталып, ағымдағы жылы атқарылуы тиіс жұмыстарды нақтылап өтті. Сөз соңында: «Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар тиісті деңгейде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жалғасын табады», – деп атап өтті. Сонымен қатар, «әрбір тұрғынды ауыз суды үнемді пайдалануға, көрсетілген қызмет үшін уақытылы төлем жасауға, сондай-ақ инспектор-бақылаушылардың жұмысына кедергі келтірмей, өз міндеттерін адал орындауына жағдай жасауға шақырамын. Кент, қала және ауылдық округ әкімдіктерімен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға қолдау білдірулеріңізді сұраймын», – деп баяндамасын қорытындылады.

Есепті тыңдаудың төрағасы **М.Аралбаев** келесі сөзді «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы Т. Алданазаровқа берді.

Т. Алданазаров есепті кезеңдегі бөлімшенің бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы толық мәлімет берумен аяқтады.

Жиналыстың төрағасы **М.Аралбаев** тыңдаушылардан: «сұрақтарыңыз, ұсыныс пікірлеріңіз бар ма, жауап берейік» - деп сұрады.

Шығып сөйлеген:

Нурсейтов Раушанбек - Қазалықаласының тұрғыны, «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің шебері:

- «Сұрағым Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Ешепетов Жасәділ Жетербайұлына. Былтыр Қазалы қаласындағы Ерлеспесов, Әйтеке би, Хегай Гер Сек, Сегіззов, Жалаңтөс Баһадүр, Уалиханов көшелерінің автомобиль жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде су құбыры бойындағы көру құдықтары жол жабындысының астында қалып қойған болатын. Тұрғындардан түскен өтінімдерге сәйкес, аталған құдықтарда вентильдерді ауыстыру, сағаларын тазалау сияқты техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу мүмкін болмай отыр. Осыған байланысты, аталған құдықтардың шойын қақпақтарын жол деңгейіне көтеруді назарға алсаңыз екен» – деді.

Ешепетов Жасәділ Жетербайұлы:

мәселелер де ағымдағы жылы толықтай қалпына келтірілетін болады», – деп жауап берді.

Жиналыстың төрағасы М. Аралбаев тыңдаушылардан: «басқа да сұрақтарыңыз бар ма?» - деп сұрады.

Қатысушылар тарапынан шығып сөйлеушілер болмағандықтан қорытынды сөзге көшті.

Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2025 жылдың есебінде тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға келген қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 16⁰⁰ден-17⁰⁰-ге дейін.

Есепті тыңдаудың төрағасы



М. Аралбаев

Хатшы:



М. Қалиева

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«06» сәуір 2026 жыл

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тындауы.

Тындаудың төрағасы: М.Аралбаев – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының директорының орынбасары-бас инженердің м.а

Есепті тындауға қатысушылар:

1. **Әлібек Жандарбек** – Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы
2. **Ешенетов Жасәділ Жетербайұлы** - Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы.
3. **Жалғасбаев Нургиса Жаппарбергенович** – Қазалы аудандық маслихат депутаты.
4. **Т.Алданазаров** - «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
5. **Ж. Жүсіп** - «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше бастығының орынбасары.
6. **Калимбетов Алтынбек** - «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше бастығының орынбасары.
7. **А.Ұзақбай** - Хатшы – «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.
8. Бөлімшенің қызметкерлері
9. Ауыз су тұтынушы тұрғындар.
10. Көше комитетінің төрағалары

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – бөлімше бастығы Ж. Жүсіп)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тындауды - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары - бас инженердің м.а. Аралбаев Минайдар Сырымович ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімше бастығы Ж. Жүсіп 2025 жылы атқарылған жұмыстары мен бөлімшенің бүгінгі күнгі жағдайы бойынша баяндама жасады.

Ж. Жүсіп сөзін бөлімшені қамтамасыз етіп отырған мамандар, техникалар, су нысандары және ауыз су тұтынушылардың есебімен бастады. Сонымен қатар,

таратылған ауыз су көлемін, жиналған қаражатты, су шығыны туралы, жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына, орын алған ақауларды қалпына келтіруге, ағымды жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаржының есебі туралы және Пірімов, Ақтан батыр және Басықара елді мекендерінде жанадан су қыспақты мұнаралардың орнатылғандығы туралы атап өтті. Аудан әкімімдігіне және «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалына ұжым атынан көрсеткен зор қолдауымен қамқорлығы үшін шын жүректен алғысын білдірді. Бұдан басқа, бөлімшенің су нысандарындағы өзекті мәселелеріне тоқталып, ағымдағы жылы атқарылуы тиіс жұмыстарды нақтылап өтті. Сөз соңында: «Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар тиісті деңгейде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жалғасын табады», – деп атап өтті. Сонымен қатар, «әрбір тұрғынды ауыз суды үнемді пайдалануға, көрсетілген қызмет үшін уақытылы төлем жасауға, сондай-ақ инспектор-бақылаушылардың жұмысына кедергі келтірмей, өз міндеттерін адал орындауына жағдай жасауға шақырамын. Кент, қала және ауылдық округ әкімдіктерімен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға қолдау білдірулеріңізді сұраймын», – деп баяндамасын қорытындылады.

Есепті тыңдаудың төрағасы **М. Аралбаев** келесі сөзді «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы Т. Алданазаровқа берді.

Т. Алданазаров есепті кезеңдегі бөлімшенің атқарылған жұмыстарын толық баяндап, «Байқожа топтық су құбырының сумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау» жаңғырту жобасы бойынша «Темир Строй и КО» ЖШС-гі мердігер мекемесі Ақкесек жері №2-ші су тарату бекетіне **LOWARA65-250/450 45 квт-тық** 2-дана насос агрегаттары және Майлыбас елді-мекені №4 су тарату бекетіне **LOWARA65-250/370 37 квт-тық** 2-дана насос агрегаттары орнатылып, ескі темір сеткамен қоршалған сеткаларын алып, орнына темір бетон қоршаулармен қоршалып, 2-дана сыйымдылығы **100 м3** болатын су сақтау қоймасы мен кіріп-шығуға тексеру бекеті салынғандығын. Сонымен қатар жүру жолдары асфальтталып, түнгі жарықтандыру шамдары мен **110 квт-тық** дизельді электростансасы орнатылғандығын атап өтті. Әйтеке би кенті №6 су тарату бекетіне 2-дана **LOWARA 80-200/370 37 квт-тық**, 2-дана **LOWARA 65-200/450 30 квт-тық** насосагрегаттары орнатылып, кіріп-шығуға тексеру бекеті салынғандығы және жүру жолдары асфальтталып, түнгі жарықтандыру шамдары және **110 квт-тық** дизельді электростансасымен қамтамасыз етілгендігін айтты.

Барлық су тарату бекеттеріндегі технологиялық темір су құбырлары бойындағы орнатылған ашып-жабу реттегіш арматураларына және насос қондырғыларына уақытылы техникалық күтім жасалып, өндірістік бөлімшеге қарасты су көтерутарату бекеттерінің аула сыртындағы кейбір қисайған темір бетонды қоршаулары түзетіліп, қалыпқа келтірілді. Сонымен қатар бөлімшеге қарасты Байқожа, Ақсуат, Еңбекшіқазақ, Майлыбас, Қызыл әскер, Кубек, Ойынды, Алтай елді мекендерімен Әйтеке би кенті 6-участок тұрғындарынан қазіргі таңда ауыз суға ешқандай төлем ақы қарызы жоқ. Алдағы уақытта инспектор-бақылаушылармен ауызбіршілік танытып, төлем ақысын уақытылы төлеуге шақырды. Сөзін бүгінгі күні жыл басынан бері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері бойынша өндірістік

бөлімшеде ешқандай келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ, – деп баяндамасын қорытындылады.

Жиналыстың төрағасы **М. Аралбаев** тыңдаушылардан: «сұрақтарыңыз, ұсыныс пікірлеріңіз бар ма, жауап берейік» - деп сұрады.

Шығып сөйлегендер:

Нурсейтов Раушанбек - Қазалы қаласының тұрғыны, «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің шебері:

– «Сұрағым Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Ешенпетов Жасәділ Жетербайұлына. Былтыр Қазалы қаласындағы Ерлеспесов, Әйтеке би, Хегай Гер Сек, Сегіззов, Жалаңтөс Баһадүр, Уәлиханов көшелерінің автомобиль жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде су құбыры бойындағы көру құдықтары жол жабындысының астында қалып қойған болатын. Тұрғындардан түскен өтінімдерге сәйкес, аталған құдықтарда вентильдерді ауыстыру, сағаларын тазалау сияқты техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу мүмкін болмай отыр. Осыған байланысты, аталған құдықтардың шойын қақпақтарын жол деңгейіне көтеруді назарға алсаңыз екен» – деді.

Ешенпетов Жасәділ Жетербайұлы:

– «Қазалы қаласындағы аталған көшелерде жүргізілген жөндеу жұмыстары толық аяқталған жоқ. Аталған жоба биылғы жылға өтпелі нысан болғандықтан, Сіз көтерген мәселелер де ағымдағы жылы толықтай қалпына келтірілетін болады», – деп жауап берді.

Жиналыстың төрағасы **М. Аралбаев** тыңдаушылардан: «басқа да сұрақтарыңыз бар ма?» - деп сұрады.

Қатысушылар тарапынан шығып сөйлеушілер болмағандықтан қорытынды сөзге көшті.

Қорытынды:

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 16⁰⁰ден-17⁰⁰-ге дейін.

Есепті тыңдаудың төрағасы



М.Аралбаев

Хатшы:



А.Узақбай

«ҚазСуШар» РМК, «Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің аудан тұрғындарына 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебін беру.

Хаттамасы

Жосалы кенті

07 сәуір 2026 жыл

Жиналыс төрағасы: «ҚазСуШар» РМК, «Сыр суы» филиалының бас инженері М.Аралбаев

Қатысқандар:

1. Ж.Әлібек – Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бастығы – Т.Қалиев
3. «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі инженер-технологы Б.Мырзатайұлы
4. Бөлімше жұмысшы қызметкерлері
5. Аудан тұрғындары, ардагерлері
6. Көше комитеті Е.Назаркулов

Күн тәртібінде: Өндірістік бөлімшенің 2025 жылы атқарған жұмыстары.

Жиналыс төрағасы М.Аралбаев «ҚазСуШар» РМК, «Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің аудан тұрғындарына 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебін беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімшесінің бастығы Темірлан Қалиевке беріледі.

Бөлімше бастығы: Т.Қалиев –

Саламатсыздар ма құрметті әріптестер және жаныңға қатысушылар!

«ҚазСуШар» РМК, «Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылда атқарған жұмыстары туралы баяндаманы оқуға рұқсат етіңіздер.

Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі Қармақшы ауданына қарасты Көмекбаев, Қуандария, Алдашбай ахун, Тұрмағамбет, Ақжар, Ақтөбе және Қармақшы елді – мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

Бөлімше бойынша 55 адам жұмыс жасайды, басым көпшілігі елді – мекендердегі: насос станция машинисттері, слесарь-жөндеушілер, инспектор-бақылаушылар және авариялық бригада мамандары. Бөлімшеде 2 авариялық

бригада бар. Аудан орталығынан шеткі Көмекбаев елді – мекеніне дейінгі қашықтық 150 шақырымды және Қармақшы елді – мекеніне дейін 25 шақырымды құрайды.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық елді – мекендер бойынша жалпы халық саны – 7932 адам.

Абонент саны – 1567, бос үйлер саны - 178, нақты абонент саны – 1389, бюджеттік мекемелер – 38, өзге мекемелер саны – 33. Мерзімі өтіп, ауыстырылған су есептегіш құралдар саны – 76.

2025 жылдың 12 айында бөлімшенің нақты өндiргенi 219383 м3 (текше метр) және тұтынушыларға (жеке және заңды тұлғаларға) таратылған ауыз су көлемі 217747 м3 (текше метр) құрайды.

Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар: су өлшеуіш құралдарын орнату, пломба басу, техникалық қызмет көрсету секілді жұмыстар жүргізіліп, 2025 жылдың 12 айында 1331 қызмет түрі атқарылып, 2 210 185 теңге қаржы түсірілді. Бекітілген жоспар толығымен орындалып – 106%-ды құрады.

Бөлімшеге қарасты 7 елді – мекенде барлығы 12 дана ұңғыма бар, бүгінгі күні 11 дана ұңғыма жұмыс жасап тұр. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су жүйелеріндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды, ішкі су жүйесінің құбыр бойынан және көру құдық ішінен 115 апаттық жағдай орын алып, арнайы техникалардың көмегімен және бөлімше жұмысшыларымен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

- I және II су көтеру насос станциялары ғимараттарының және ұңғыма павильондарының ішкі-сыртқы сылақ жұмыстары;
- Насос станцияларындағы барлық «К» типті насос қондырғыларына, ашып-жабу реттегіш арматураларына (Задвижка), қайтарма клапандарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Елді – мекендердің орталықтандырылған су жүйелеріндегі көру құдықтары мен сервистік жүйенің бойындағы көру құдықтарын тазалау, ыза суларды тарту, өрт гидранттарын майлау, сырлау жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі.
- Насос станциялары мен ұңғыма павильондарының ішкі-сыртқы қабырғаларын әктеу, есік-терезелерін және қақпаларын сырлау жұмыстары жүргізіледі.
- Насос станцияларындағы тозығы жетіп шіріген, тесілген технологиялық құбырларды ауыстыру жұмыстары жоспарлануда.
- Ақтөбе, Ақжар және Қуандария елді – мекендеріндегі ұңғымаларға d-63мм ПЭ су көтеру құбырларын ауыстыру.
- Ақтөбе елді – мекеніндегі су көтеру мұнараларын дәнекерлеу (башня).
- Ақжар, Тұрмағамбет және Қуандария елді – мекендеріндегі насос станцияларының сыртқы темір – бетон қоршауларын түзету.
- Филиал тарапынан арнайы техника (автокран корзинасымен) бөлінсе, Қуандария, Тұрмағамбет, Ақжар елді – мекендерінің су көтеру мұнараларын сырлау жұмыстары жоспарлануда.

- Насос станция ауласындағы және ішкі тазалық жұмыстары уақытылы жүргізіледі.

2025 жылы Қуандария, Ақжар, Ақтөбе және Тұрмағанбет елді – мекендерінің II-су көтеру насос станцияларының шіріп, тозығы жетіп, темірі жұқарған технологиялық құбырлары ауыстырылып, дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, бөлімшеге қарасты елді-мекендердің насос станцияларындағы және көру құдықтарындағы 30-қа жуық d-150, d-100 және d-80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына, қайтарма клапандары ауыстырылды, II-ші су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбырларда орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Онымен қоса, II-су көтеру насос станцияларындағы «К» типті су айдау насостарына ағымдағы жөндеу жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп істен шыққан насостар Ақжар, Тұрмағанбет және Қуандария елді мекендерінде ауыстырылып, халықты үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету жолында жұмыстар жасалды.

Халықты 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенің 2 авариялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Елді – мекендердің I-су көтеру насос станцияларындағы тереңнен су тартатын ЭЦВ насос қондырғылары да жиі істен шығып жатады. Осындай сәтте, филиал тарапынан жедел түрде насос қондырғылары бөлініп, орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары атқарылуда.

Жалпы өндірістік бөлімшедегі ауыз су беруге қатысты барлық жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуде. Дегенмен, коммуналдық қызметті жүзеге асыратын мекеме болғандықтан, проблемалық мәселе туындамай қоймайды:

Айта кететін жағдайлар: Қуандария елді – мекенінің насос станциясы 1990 жылдардан бері жөндеу жұмыстарын көрмеген. Гимараттары мен технологиялық құбырлары, насос қондырғылары ескіріп, жиі бұзылып, құбырлары шіріп, ауыз су беруге үлкен кедергі келтіріп отыр. Насос станциясындағы сыйымдылығы 500 м³ болатын таза су қоймасына насос арқылы жиналған су жер астына сініп кетуде. Себебі темір-бетон едені әр жерден үгітіліп жарық сызықтар пайда болған күрделі жөндеу жұмыстары қажет етеді. Онымен қоса, қазіргі кезде проблемалық мәселе болып тұрған Ақжар елді – мекенінің насос станция ауласындағы сыйымдылығы 90м³ болатын су көтеру мұнарасының тозуы. Су көтеру мұнарасының жағдайы өте нашар, жиі апаттық жағдайлар орын алып, ауыз су беруге кедергісін келтіруде. Аталған мұнараның корпусы толығымен шіріп, темірі жұқарып, ағымдағы жөндеу жұмыстарын немесе дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге қолайсыз болып отыр. Осы Ақжар, Ақтөбе және Қуандария елді – мекендеріндегі су көтеру мұнарасының жағдайы жөнінде ақау актілері толтырылып, филиалға жіберілді.

Тағы да айта кететін мәселе, Қармақшы, Ақтөбе және Алдашбай елді – мекендерінде бір ғана ұнғымадан жұмыс жасап келеді, Елді – мекеннің ауқымы үлен болғандықтан, тұтынушылар ауыз суды көп мөлшерде пайдаланады, жұмыс жасап тұрған I дана ұнғыма болғандықтан, насос қондырғысы мерзімінен бұрын істен шыкса немесе өзге де апаттық жағдайлар орын алса, елді – мекенді ауыз

сумен қамтамасыз ету жолдары алаңдатады және көптеген қиындықтар соқтыруы әбден мүмкін.

Қазіргі таңда, бөлімше өзіне қарасты барлық елді – мекендерді жоғарыда аталған және қиындық тудырып тұрған проблемалық мәселелерге қарамастан 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр және алдағы уақытта да халықтың игілігі үшін жұмыс жасайтындығын жеткізеді.

Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет!!!

Көзге комитеті Е.Назаркулов: Халық судың рахатын көріп қалаған уақытында су құбырынан суды тұтынып отыр. Су мамандарына көп рақмет, қажет болған жағдайда шақырған кезде келіп қызметтерін көрсетіп келеді. Өзім тұратын аумақтағы тұрғындардың ауыз суға байланысты шағымы жоқ. Судың 1 тоннасы 70 теңге болуына да қарсылығы жоқ. Қайта маған көршілерім айтатын. Ішкен суға төлеген ақша адал ғой. Неге судың бағасы 30-ақ теңге. Көтермейма? Ұят екен айына 4-5 тонна су пайдаланамыз, 150 теңге төлеп тұрамыз. Өте төмен сумма емеспа? Дем менен сұрап жатады. Бағаның көтерілгені дұрыс болған екен.

Жиналыс төрағасы М.Аралбаев: Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

Көше комитеті Е.Назаркулов: Ешқандай сұрағымыз жоқ. Көшеміздегі тұрғындардың барлығына су ағып тұр, ешқандай проблема жоқ. Бөлімше бастығы Т.Қалиевтің баяндамасын тыңдадық. Біраз жұмыстар атқарған екен. Жасап жатқан жұмыстарының жемісін жей берсін дегім келеді, мекеме ұжымына. Халықтың алғысына бөлене беріңіздер.

Жиналыс төрағасы М.Аралбаев: Басқа сұрақтарыңыз болмаса жиналыс аяқталды. Тыңдауға келгендеріңізге рақмет.

Қорытынды:


«Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылғы жұмыстары қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11:00ден 12:30ге дейін болды.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



М.Аралбаев



Г.Рахметова

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы

«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аудан тұрғындарына
2025 жылда атқарған жұмыстарының есебін беру.

ХАТТАМА

Жосалы кенті

07 сәуір 2026 жыл

Жиналыс төрағасы: Жосалы кенті әкімінің орынбасары М.Аралбаев

Қатысқандар:

1. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығы – Ә.Қаршыға
2. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ТҚ инженері – А.Аусинбаев
3. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы – Н.Мамырбаев
4. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер-энергетигі – Н.Қыстаубаев
5. Бөлімше аға шебері – Ж.Төлебаев
6. Бөлімше жұмысшы қызметкерлері
7. Көше комитеттері С.Қосназаров, Е.Атабаев, А.Оразалиев
8. Аудан тұрғындары, ардагерлері
9. Ж.Әлібек – Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

Күн тәртібінде: Өндірістік бөлімшенің 2025 жылы атқарған жұмыстары.

Жиналыс төрағасы М.Аралбаев – «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылы атқарған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімшесінің бастығы Қаршыға Әділетке беріледі.

Бөлімше бастығы: Ә.Қаршыға –

01.01.2025-31.12.2025 жылдар аралығындағы нақты өндірілген ауыз су көлемінің есебі.

2025 жылы III-Интернационал елді мекеніндегі 5 ұңғымадан өндірілген су көлемі – 803311 м³ және Иіркөл елді мекеніндегі 1 ұңғымадан өндірілген су көлемі – 55478 м³, таратылған су көлемі – 785469 м³, су шығыны 1,31% су көлемі– 11761,86 м³, нормативті ысырап су көлемі 17,15%– 142620 м³, су шығыны нормативтен асқан жоқ.

2.Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырларының және насос стансаларының, су тарту жүйелерінің техникалық жағдайы туралы мәліметтер. Барлық ұңғымалардың техникалық жағдайы, су

өлшегіш құралдарының жұмыс жасайтыны, нақты бар жоқ екені туралы толық мәлімет.

Өндірістік бөлімше теңгеріміндегі магистралды су құбыры, III- Интернационал, Дүр Оңғар, Иіркөл, Төребай би елді мекендері мен Жосалы кенті ішкі су жүйесінің және насос станцияларының техникалық жағдайы қанағаттанарлық. III- Интернационал елді мекеніндегі 5 ұңғыманың техникалық жағдайы жақсы, 3-уінің насосы жаңадан ауыстырылды. Ұңғымаларға қашықтан бақылайтын электронды су өлшеуіш құралдары орнатылды. 2023 жылы II-су көтеру насос станциясына УВР-ге қосымша жаңадан механикалық су есептегіш орнатылған, жұмыс жасап тұр.

3. Алдын –ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша бекітілген жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және 1 жылдың қорытындысы бойынша шикізат материалдар, қосалқы бөлшектер, жанар – жағармай бойынша жұмсалған қаражат көлемі

Алдын-ала жөндеу жұмыстары бойынша бекітілген жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар:

1. III-Интернационал елді мекеніндегі 5 дана ұңғыманың насостары демонтаждалды, 3-еуі монтаждалды.
2. III-Интернационал елді мекеніндегі №2 насос станцияның д-108мм технологиялық құбыры ауыстырылды.
3. III-су көтеру насос станциясының қайтарма клапандары ауыстырылды және бетон қоршаулары әктелді.
4. Жосалы кенті №5 насос станцияның д-219мм технологиялық құбыр ауыстырылды. Еденіне бетон (стяжка) құйылды.
5. Жосалы кенті №4А НС 3 дана қайтарма клапан ауыстырылды және сыртқы бетон қоршау әктелді.
6. Өндірістік базада қолдан КЦП бет плиталар құйылып, Жосалы кенті көшелерінде сынған бет плиталар ауыстырылып жаңадан орнатылды-4 дана
7. Насос станциялардың су қоймаларына, магистральды құбырларға залалсыздандыру, жуып-шаю жұмыстары екі рет жүргізілді.
8. Насос станциялардың істен шыққан задвижкалары ауыстырылды-10 дана
9. Насос станциялар бетон қоршауларының сыртқы беттері сыланды, әктелді.
10. Кент ішіндегі көру құдық бетіне лист люктың топсалары дәнекерленді - 10 дана

11. Ашық қалған құдыққа люк орнатылды – 15 дана, Құдықтар ішіндегі шіріген згондар ауыстырылды.
12. Насос станциялардың технологиялық құбырларына жөндеу жұмыстары жүргізілді.
13. Көру құдықтардың іші тазаланды – 540 дана
14. Насос станцияларда жарықтандыру монтажданды.
15. Задвижкаларға ревизия жасалды – 25
16. Насос станция су қоймалары түгел – тазаланды.
17. Өрт гидранттарына ревизия жасалды – 25 дана
18. Жосалы кенті ішкі су құбыры бойындағы көру құдықтар ішіндегі абоненттерге қарай жүргізілген су құбырларының вентильдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді, ауыстырылды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша шикізат материалдардың қаражаты – 3320056,94 теңге, шаруашылық заттар – 11751 теңге, арнайы киімдер – 2970482 теңге, химреагент – 754496 теңге, электро тауар – 1217565,96 теңге, кеңсе заттары – 306029,29 теңге, автобөлшектер – 359274 теңге, жанар-жағар май – 6278921,59 теңге **Барлығы: 32 268 347,30 теңге.**

4. 2025 жылы Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар

Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар: 5 мекеменің су есептегіші жаңадан орнатылды. 2 үйге жаңадан су құбыры кіргізіліп, су есептегіш құралы орнатылды, құбыры орталық су құбырына қосылды және су есептегіш орнатылды. 25 жеке тұлға, 6 заңды тұлға су есептегіш құралдары ауыстырылды. 876 үйге, 35 мекемеге пломба басылды. 129 үйге және 12 мекемеге су тасымалымен су жеткізілді. 425 үй және 59 мекеме келісім-шартқа отырғызылып, су құбыры бойына техникалық күтім жасалынды. 79 үйден жөндеу жұмыстарға шақыру түсіп, вентильдері ауыстырылды, су кетіп тұрған жерлері калыпқа келтірілді.

Осы жұмыстардан барлығы **2177078,34** теңге қаражат түсірілді.

5. 2025 жылда су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайлардың саны және сипаттамасы.

2025 жылда өндірістік бөлімше бойынша барлығы 230 авариялық жағдай орын алды. Оның ішінде магистраль су құбыры бойында болған саны – 21, сервистік құбыр бойында болған саны - 209 және орын алған авариялық жағдайды дер

2025 жылда өндірістік бөлімше бойынша барлығы 230 авариялық жағдай орын алды. Оның ішінде магистраль су құбыры бойында болған саны – 21, сервистік құбыр бойында болған саны - 209 және орын алған авариялық жағдайды дер кезінде қалпына келтіріліп, тұрғындарды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары атқарылды.

Тағы айта кететін жәйт суды ысырып етпеу мақсатында судың бағасы 30 теңгеден 70 теңгеге көтерілді. Дүкенде 1 литр судың бағасы 400 теңге, оның қасында 1 тонна судың бағасы 70 теңге болып бекітілгені халықтың қалтасына әсер етеді деп ойламаймын. Ауыз суды тек тұтынуға пайдаланып, аяқ су есебінде пайдаланбауыңызды сұраймын. Әлем бойынша келешекте су тапшылығы туындауы мүмкін. Болашақ өзіміздің ұрпағымыз үшін жер асты таза суымызды оңды-солды шашпай, ысырып етпейік. Сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынмын. Назарларыңызға рахмет.

Көше комитеті А.Оразалиев: Халық судың рахатын көріп қалаған уақытында су құбырынан суды тұтынып отыр. Су мамандарына көп рахмет, қажет болған жағдайда шақырған кезде келіп қызметтерін көрсетіп келеді. Өзім тұратын аумақтағы тұрғындардың ауыз суға байланысты шағымы жоқ. Судың 1 тоннасы 70 теңге болуына да қарсылығы жоқ. Қайта маған көршілерім айтатын. Ішкен суға төлеген ақша адал ғой. Неге судың бағасы 30-ақ теңге. Көтермейме? Ұлт екен айына 4-5 тонна су пайдаланамыз, 150 теңге төлеп тұрамыз. Өте төмен сумма емеспа? Дем менен сұрап жатады. Бағаның көтерілгені дұрыс болған екен.

Жиналыс төрағасы М.Аралбаев: Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

Көше комитеті Е.Атабаев: Ешқандай сұрағымыз жоқ. Көшеміздегі тұрғындардың барлығына су ағып тұр, ешқандай проблема жоқ. Бөлімше бастығы Ә.Қаршығаның баяндамасын тыңдадық. Біраз жұмыстар атқарған екен. Жасап жатқан жұмыстарының жемісін жей берсін дегім келеді, мекеме ұжымына. Халықтың алғысына бөлене беріңіздер.

Жиналыс төрағасы М.Аралбаев: Басқа сұрақтарыңыз болмаса жиналыс аяқталды. Тыңдауға келгендеріңізге рахмет.

Қорытынды:

«Сыр суы» филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылғы жұмыстары қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11:00ден 12:30ге дейін болды.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



М.Аралбаев

А.Шералиева

Х А Т Т А М А

Төретам кенті

07-сәуір 2026 жыл.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2025 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: М.Аралбаев – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А.Кылышбаев - Өндірістік бөлімше бастығы
 2. Әлібек Ж.- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 3. Н.Жолмаханов - Төретам кенті әкімінің орынбасары.
 4. Ж. Сейтпенбетова - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.
 5. Р.Сахиев - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы;
 6. Д.Амангельдиев - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің есепшісі;
 7. Е.Қаражанов - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің диспетчері;
 8. Г.Телжанова - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің кадр инспекторы;
 9. Д.Итигулов - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің аға шебері;
 10. Ж.Алпысов - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің шебері;
- Тұрғындар: Төретам кентінің тұрғыны А.Утебаев, Ә.Нагиметов, А.Қашқынбаев, А.Аяпов, Ақай ауылының тұрғындары Ж.Алпысов, Ж.Айпейісов, К.Ниязымбетов және қоғамдық кеңес мүшелері.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер: «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты

тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2025 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Сөз алған: бөлімше бастығы А.Кылышбаев

Бөлімше туралы қысқаша мәлімет

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі күнге дейін екі елді мекенді тұрақты түрде 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіп келеді.

Мекеме теңгеріміне қарасты ауыз су құбыры, көру құдығы, ашып-жабу арматурасы (завдвижка) және өрт гидранты бойынша: **Төретам кентінде** ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 55 006 м., көру құдығы – 240 дана, ашып-жабу арматурасы – 44 дана, өрт гидранты – 38 дананы құрайды.

Сонымен қатар мекеме теңгеріміне енгізілмеген, бірақ қолданыста тұрған Қармақшы ауданының ЖКХ бөлімінің меншігіндегі 2021 жылы жүргізілген ауыз су құбыры – 6 850 м., көру құдығы – 126 дана, өрт гидранты – 32 данасы бар.

Ақай ауылы бойынша: ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 39 944 м., көру құдығы – 448 дана, ашып-жабу арматурасы – 31 дана, өрт гидранты – 110 дана.

Екі елді-мекен бойынша барлығы:

ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 101 800 м.;

көру құдығы – 814 дана;

ашып-жабу арматурасы – 75 дана;

өрт гидранты – 180 дана;

Бөлімшеге қарасты 25 қызметкер, 6 техника 2 насос станциясы халыққа 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасап отыр.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық екі елді – мекендерде 19 бюджеттік мекеме, 126 заңды тұлға бар. Жалпы жеке тұлға саны 3 334, оның ішінде: Төретам кентінде 1 972, Ақай ауылында 1 362 тұтынушылары бар. Адам саны бойынша: Төретам – 12 878, Ақай - 6 488. Жалпы саны – 19 366 адам.

Өндірілген және таратылған су көлемі (нақты және жоспар бойынша). Су шығыны. Нақты қаражат жиналған су көлемі.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылы ауыз су таратуға 1 жылдық жоспары – **410 215 м³**. 2025 жылдың жалпы таратылған ауыз су көлемі: Ақай ауылына – **199 771 м³**, Төретам кентіне – **244 248 м³**. Барлығы: **444 019 м³** су таратылды. Су шығыны – **3 054 м³**.

Жалпы 2025 жылы таратылған ауыз судан түскен қаржы – **40 872 082,38 теңге**, оның ішінде (*бюджеттен – 15 213 452,73 теңге, жеке кәсіпкерден – 11 111 383,75 теңге, жеке тұлғалардан – 14 547 245,90 теңге*).

Өзге қызмет түрлерін көрсету бойынша атқарылған жұмыстар: су өлшегіш құралын орнату, пломба басу, жер қазу, ауыз су тасымалдау, тұтынушыларға аула ішіндегі ауыз сумен жабдықтау жүйесіне техникалық қызмет көрсету КЕЛІСІМ ШАРТ жұмыстары жүргізіліп – **3 119 099 теңге** қаржы түсірілді. (*Жылдық жоспары – 2 087 335 теңге*)

Жалпы барлық 2025 жылы түскен қаржы соммасы – **43 991 181,38 теңге**.

Өздеріңізге белгілі, қолданыстағы ауыз суды Байқоңыр қаласының «ГУП ПЭО Байконурэнерго» мекемесімен жасалған келісім шарт негізінде сатып алуда. 2025 жылға келісім шарт құны – 17 935 983 рубль 90 коп. теңгеге шаққанда 105 505 782,35 теңгені құрайды. (тариф 1м³ сатып алу құны – 35руб.41 коп. немесе 208 тг.)

Алайда сатып алынған суды Төретам, Ақай елді мекендеріне судың 1м^3 30 теңгеден таратып отырмыз, ал қалған үстіндегі айырмашылықты мемлекет тарапынан субсидия арқылы төленеді.

Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының орындалуы және орын алған апаттық жағдайлар, оған жұмсалған материалдардың есебі.

2025 жылға бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 2 елді – мекен бойынша 75 данаға жуық d-200, d-150, d-100 мм ашып-жабу реттегіш арматурасының (задвижка) 32 данасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 10 данасы жаңадан ауыстырылды. Оның ішінде орталықтандырылған ауыз су жүйесінің көру құдықтары мен насос станцияларындағы технологиялық құбырлар бойында орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларын (задвижка) майлау, сырлау, тот басқандарын тазалау, шіріп тозығы жеткен болт, гайкаларын ауыстыру секілді жұмыстар атқарылды.

Бекітілген ППР-ге сәйкес насос станцияларының ауласындағы шөптерді шабу, күл-коқыстан тазалау, қураған талдарды кесу жұмыстары жүргізілді. 1 жылда атқарылған ППР жұмыстар саны 116-ны құрады. Оған кеткен материал құны – 3 690356,03 теңге.

Жыл басынан орталық қоймадан бөлінген ГСМ :

Дизель майы – 7 825 л.

Бензин – 8 050 л.

Қазіргі таңда, су жүйелерінде орын алып жатқан апаттық жағдайлардың бірден-бірі көру құдығында орналасқан өрт гидрантының тұғыры мен фасон бөлігінің тозуы. Жыл басынан бері 126 апаттық жағдай орын алған болса, дер кезінде апатты жағдайды уақытылы қалпына келтіріліп отырылды. 2025 жыл бойынша Төретам кенті және Ақай елді мекендерінде 42 дана фасон бөлігі ауыстырылды. Өрт гидрантының тұғыры шіріп, темірі жұқарып, тот басыуына байланысты тозығы жеткен тұғырларын ауыстыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.

Насос станцияларындағы ғимараттар мен әкімшілік ғимаратының түскен жерлерін сылау, әктеу, есік – терезелерін сырлау, қымтау және күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су жүйелеріндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды.

Елді – мекендердің насос станцияларындағы таза су қоймалары мен су көтеру мұнараларын жоспарлы жуу, шаю-залалсыздандыру жұмыстары көктем және күз мезгілдерінде өз деңгейінде жүргізілді. Залалсыздандыру жұмыстарынан кейін және ай сайын «Ұлттық сараптама орталығы» мамандары су сынамаларын алып, тиісті хаттамалары жасалып, филиалдың «Су нысандарын пайдалану» бөліміне тапсырылуда.

Өндірістік бөлімшедегі авто және арнайы техниканың жағдайы туралы мәлімет.

Қазіргі таңда, өндірістік бөлімшеде жұмыс жасап тұрған 6 авто техника бар. Оның ішінде: 4 дана арнайы техника, 1 дана авариялық бригада көлігі және 1 дана жеңіл автокөлік. Арнайы техникалар мен автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау негізделген кестелерге сәйкес жасалып, орталық қоймадан бөлінген қосалқы бөлшектер мен май сүзгіш фильтрлері және қою май мен салқындатқыш сұйықтықтары жеткізіліп, техникалық күтім толығымен орындалуда.

Жаңадан ауыстырылған ауыз су құбыры туралы мәлімет

Ақай елді мекеніндегі Сәтбаев көшесі бойындағы d-110мм жалпы ұзындығы - 330 метр, Тұрмағамбет көшесі бойындағы d-110мм жалпы ұзындығы - 400 метр және

Байтұрсынов көшесі бойындағы д-160мм жалпы ұзындығы - 180 метр ауыз су құбыры ауыстырылды.

Проблемалық мәселелер.

Ауыл ішілік су құбыры бойындағы көру құдықтарына орнатылған көптеген фасон бөліктері мен өрт гидранттарының тұғырлары тозығы жетіп, апатты жағдайда тұр.

Қазіргі таңда, Төретам кенті Құлтасов көшесі темір жол бетінде орналасқан тұрғын үйлер осы уақытқа шейін біреудің жеке ауласы арқылы өз күштерімен д-100мм темір құбырдан жүргізіп, ауыз суды пайдалануда. Осыған орай жергілікті әкімдікпен келісе отырып, аталған көшеге шамамен 800 метр болатын д-63мм полиэтиленді құбыры арқылы ауыз су жүргізу жоспарлануда.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.

Халықты 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенің авариялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе отырып, жыл басында бекітілген жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес ашып-жабу реттегіш арматураларына, су көтеру мұнараларына, насос агрегаттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізіліп жатыр.

Шығып сөйлегендер:

Төретам кентінің тұрғыны А.Қашкынбаев: - Төретам кентінде судың қысымы неге төмен?

Өндірістік бөлімше бастығы А.Кылышбаев:- Төретам кенті мен Ақай ауылдық округіне ауыз сумен қамтамасыз етуші «ГУП ПО Байконурэнерго» мекемесі, яғни Байқоңыр қаласынан жеткізіледі. Жаздың күндері 24 сағат бойы 1-линия арқылы ғана беріледі. Тұрғындар бақша суарады, сол себепті судың қысымы төмендеп кетеді. 2-ші линияны қосуға Байқоңыр қаласының құбырлары жарамайды. Ал, жылдың басқа мезгілдері ауыз судың қысымы қалыпты жағдайда беріліп отырады.

Төретам кенті ақсақалдар алқасының төрағасы Қ.Накиев: - Бүгінгі өндірістік бөлімше басшысы А.Кылышбаевтың жылдық есебіне «өте жақсы» деген баға береміз. Ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда және басқа облыс аумақтарын көргенде шүкіршілік дейміз. Суымыз 24 сағат ағып тұр, апаттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалыс, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшыларға алғысымыз шексіз. Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға оң бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Рахмет!

М.Аралбаев – «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары:- 2025 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

Қорытынды.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сырсуы» филиалының Қармақшы ауданының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2025 жыл көлемінде тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «өте жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15.00-ден 16.05-ке дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшы:



М.Аралбаев

M. Aralbayev -

Г.Телжанова

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №3

Жалағаш кенті

08 сәуір 2026 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар алдында 2025 жылда атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : М.Аралбаев – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары.

Хатшы – Ж.Молдыман – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Жалағаш ауданының тұрғындары.
2. Ғ.Ербол- Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.
3. А.Кенжебеков -Аманат партиясы Жалағаш аудандық филиалының меңгерушісі.
4. Қ.Құлмаханов –Аудандық кент ардагерлер кеңесінің төрағасы
- 5.И.Баймаханова- Жалағаш аудандық мәдени сауықтыру кешені Руханият орталығының басшысы.
- 6.Ж.Әлібек-Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша :

Есепті тыңдаудың төрағасы-М.Аралбаев «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы Г.Дюсекбаевқа сөз кезегін берді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша:

Г.Дюсекбаев - «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің қызметкерлерімен 2025 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстар баяндамасында.

-Аудан бойынша жалпы таратылған су көлемі және ауыз су қаржысын жинау. Өндірістік бөлімше базасына тіркелген жалпы 91 бюджеттік мекеме мен 151 заңды тұлғаның барлығы су есептегіш құралымен ауыз су пайдалануда. Жеке тұлғалардан 6879 абоненттен, ауыз су пайдаланушы 34159 тұрғын тіркелген.«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдақтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі» тарапынан 788 931,534 м³ ауыз суды тұтынушыларға таратылды. Таратылған су көлемінен 90 264 957,60 теңге қаражаты жиналды. Оның ішінде 30 543 026 теңгесі жеке тұрғын үйлердің қаржысы болып табылады.Өзге қызмет бойынша 5 837 035 теңге кірістелді.

- Аудан бойынша кент орталығы мен елді мекендердегі насос станцияларында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

- Су сапасын тексеру. Тұтынушыларға берілетін ауыз судың сапасын анықтау мақсатында, аудандық СЭС мекемесімен келісім шарт жасалынып ай сайын ауыз судың үлгісі алынып, су құрамы тексеріліп отырады. Ауыз су құбыры және су сақтау қоймаларына көктемгі-күзгі мезгілінде жуу және залалсыздандыру жұмыстары СЭС мекемесінің мамандарының қатысуымен өз деңгейінде жүргізіліп отырады.

- Өткен жылы аудан көлемінде орын алған 433 апаттық жағдайлар деректері жөнінде. Апаттық жағдайлардың көпшілігі ауыз су құбырының жарылуы, көру құдықтарының ішіндегі фасонды бөліктері мен ауыз су мұнарасының шіруі болып табылып отыр. Қазіргі уақытта ауыл тұрғындарына суды 25 м3, d-1,20 биіктігі-15 метр болатын ауыз су мұнарасымен су беріліп отыр, егер су мұнарасынан қандай да бір ақау шығып, су жүйесінен ажырайтын болса, онда ауыл халқы ауыз сусыз қалуы ықтимал.

- Дизель электро станция қондырғылары бойынша. Аудан бойынша барлығы 19 насос станциясының 17-не дизель электро станция қондырғылары орнатылған, Еңбек ауылы және Бұқарбай батыр ауылдарына (ДЭС) қондырғылары мүлдем орнатылмаған. Кент орталығында орналасқан ауыз су насос станциясы мен Мәдениет, Жаңақоныс, Далдабай ауылдарындағы дизель электро станция қондырғыларына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

- Бөлімше теңгеріміндегі ұңғымалардың жағдайлары бойынша. Бұқарбай батыр ауылында орналасқан ауыз су жүйесінің насос станциясындағы 2-ші су көтеру насос ұңғымасындағы ауыз суынан тұзды су шығып ішуге жарамсыз болып тұр.Ал № 1-ші су көтеру насос ұңғымасынан шыққан ауыз суы Бұқарбай батыр ауылының тұрғындарына жазғы уақытта жеткіліксіз болатыны жөнінде баяндалып өтті.

М.Аралбаев - Құрметті аудан тұрғындары бөлім басшысы Г.Дюсекбаевқа сұрақтарыңыз барма ?

Шығып сөйлегендер:

Қ.Құлмаханов-Құрметті тұрғындар бүгінгі есеп беру баяндамасын тыңдадық.Шүкір, бүгінгі күнге ауыз су тарифі 30 теңгеден 70 теңгеге өскеніне мен өзбасым қарсы емеспін, себебі жалағаштықтар ауыз судың тапшылығын сезінбейді, бұрынғыдай ауыз суды тасып ішетіндер жоқтың қасы десек те болады, әрбір тұрғынның үйіне ауыз су құбыры тартылған, ауыз су мекемесінің жұмыстарына көңіліміз толады себебі осы жылдың ақпан айының аяқжағында ауа райы күрт бұзылып, нөсер жаңбырмен қар араласып жауып, Табиғаттың тосын мінезі салдарынан ағаштар сынып, электр бағаналары құлап, аудан бойынша жарық өшіп, ауыз су жүйелері тоқтаған болатын. Сол кезде мекеме қызметкерлерінің іскерлігінің арқасында 4-5 сағатта халықты сумен қамтамасыз ете білгендері үшін алғысымызды білдіреміз.Дүниежүзінде су тапшылығы күрделі мәселеге айналды, суды үнемдеп тұтынуымыз қажет, судың да сұрауы бар екенін ұмытпайық.

Г.Еспенбетова аудан тұрғыны -су есептегіш құралы болмаған жағдайда бұрын 40 теңгемен төленетін, жаңа тарифпен қанша теңге болады және жеке тұлғаларға су есептегіш құралын орнату үшін қанша теңге төленеді?

Г.Дюсекбаев- су есептегіш құралынсыз 40 теңгемен төленсе жаңа тарифпен сәуір айынан бастап 120 теңге төленеді.Жеке тұлғаларға су есептегіш құралын орнату үшін 5240 теңге төленетіні жөніде түсіндіріп өтті.

М.Аралбаев-Бүгінгі есепті тыңдауға уақыт бөліп қатысқандарыңызға рахмет. Басқа да қоятын сұрақтарыңыз болмаса есепті тыңдауды жабық деп жариялаймын.


Өткізілген уақыты - сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін.

Жиналыс төрағасы:



М.Аралбаев

Жиналыс хатшысы:



Ж.Молдыман

ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

09 сәуір 2025 жыл

«Сыр суы» филиалы «Талап-Сырдария топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2025 жылдық қорытынды есебін тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : М.Аралбаев – «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

- 1.М.Қабетенов – «Талап-Сырдария топтық су құбыры» өндірістік бөлімше басшысы.
2. Сүлейменов Нұржан Аскарлович – «Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» басшысы орынбасары.
- 3.Абдықалық Ұлдана Қылышбекқызы-Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
- 3.Т.Сейсенов-Бөлімше басшысы орынбасары
- 4А.Мейрам-Инженер технолог
- 5.Қ.Өмірзақ - Өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
6. Б.Сейдуалиев Шебер- Хатшы

Тұрғындар: Жанарық ауылының тұрғындары Ш.Асанов, Кейден е/м тұрғыны А.Жеңіс, Байкенже е/м тұрғыны М.Алиев және елді мекен н.с машинисттері.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.«Талап-Сырдария топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі 2025 жылдың көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – **М.Қабетенов** - бөлімше басшысы.)

«Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Сыр суы» филиалына қарасты «Жаңақорған ауданының Талап – Сырдария топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде Сырдария бойындағы елді мекендердің ішкі су құбырларының ұзындығы **269,034** шақырымды құрайды, Талап топтық су қоры бойынша ішкі су құбырларының ұзындығы **292,584** шақырымды құрайды. Оның ішінде магистрал су құбырлары Сырдария бойында **241,194** шақырым, Талап бойында **247,194** шақырымды құрайды.

1. Бас тоғаннан өндірілген су халықты үздіксіз қамтамасыз етуге жетіспеуде. Қазіргі таңда Бас тоғанда 8 ұңғымадан 5 дана ұңғыма жұмыс жасап тәулігіне $3000-3500 \text{ м}^3$ су өндіріліп таратылуда. Жалпы Бас тоғаннан жыл басынан **1,298,660 м3** ауыз су өндірілген және оның **903,207 м3** Сыр бойындағы елді мекендерге таратылса, **395,453 м3** ауыз су Талап бойы елді мекендеріне таратылып отыр.
2. Түгіскен, ст.Талап, Қыраш, Көктөбе елді мекендерінде қосымша өз скважиналарынан қосылып ауыз су үздіксіз **15-24** сағат беріледі, тек жаз айларында ғана уақытпен беріледі, қалған елді мекендерге халықпен келісілген уақытпен ауыз сумен қамтамасыз етіп отырмыз.

Жалпы өндірістік бөлімшеде 25 елді мекенге Бас тоған және 4 су көтеру насос станциясы жұмысшы штаттық кестемен 120 қызметкер қызмет атқарудамыз.

Барлық насос станциялар мен әкімшілік ғимараттарда санитарлық талаптар сақталған. Насос станцияларының ішіндегі тазалық жұмыстары мен еңбек қауіпсіздігіне байланысты түсіндірме жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырады. Өндірістік бөлімше шеберлері, слесарь жөндеушілер мен оператор машинистері толықтай қызметтік қыстық және жаздық формамен қамтылған.

5. Жалпы бөлімшеде жылдың басынан **226** апаттық жағдай орын алып және **89** жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары дер кезінде орындалып, орын алған апаттық жағдайлар алдын ала жөндеу жұмыстары уақытылы атқарылуда.

Апаттық жағдайлар мен жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарына бөлінген жанар жағар майлар күнделікті орын алған апаттық жұмыстарға үнемделіп жұмсалуда.

Жалпы өндірістік бөлімшеде бір жылда кіріс болған шикізаттар (гсм, материал т.б) **11,230,077 млн** теңгені құраса, жалпы қоймадан шығыс болған шикізаттар **14,049,136 млн** теңгені құрайды.

6. Өндірістік бөлімшеге қарасты ауыз су пайдаланушы **4756** абонент бар, халық саны **28,602** құрап отыр.

Жеке тұлғалардан алты ай бойынша ауыз судан өндірілген қаражат **20,219,927 млн** теңгені құрайды, оның ішінде бюджеттік мекемелерден **22,668,557 млн** теңге түсіп отыр.

5. Өзге қызмет түрлері жеке тұлға бойынша пломба және техникалық келісім шарт бойынша т.б. қызмет жыл басынан бастап **3,815,000** теңге, заңды тұлға **57,200** теңгені құрап отыр. Пломба орнату **5,969,05** теңге. Орталық ауыз суға қосылу (Врезка) **108,700** мың теңге, Қазу жұмыстары (укладка трубы) **12,100** теңге

мың теңге. Бүгінгі таңда ескі су өлшеуіш құралдарын ауыстыру жұмыстарының қаражаты **519,100** теңге түсіп, **60%** пайыз орындалып отыр. Жалпы барлық қызметтерден бір жылда **4,738,110 млн** теңге түскенін мәлімдеймін. Жылдың басынан бері **543 676 м³** ауыз суға **302,418,681 млн** теңге субсидия өндіріліп отыр.

7. Судың сапасын СЭС мамандарымен бірлесіп сынағанын және сапасын ай сайын анықтап отырмыз. Су қоймалары мен су мұнараларын жылына 2 рет көктемгі және күзгі жоспарлы жуу-шаю хлорлау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

8. Өндірістік бөлімше теңгерімінде 2 дана Case эксковаторы, 2 дана Уаз фермер автокөлігі және 1 дана Нива автокөлігі қарастырылған. Апаттық жағдайларда елді мекендердің қашықтығының ұзақтығына байланысты техникалар мен слесарь жұмысшыларының аздығынан, қосалқы шикізаттар (материал) жоқтығынан қиыншылықтар орын алып отырады.

9. Келінтөбе елді мекенінде насос станциясы 1979 жылы салынған, су жинау қоймасы **120 м³** халықты толыққанды ауыз сумен қамтамсыз ете алмауына байланысты 2024 жылы аудандық бюджеттің есебінен қаржыландырылып, жаңадан су жинау **400 м³** қоймасы, насос станциясын және су көтеру мұнарасын, **920** метр ішкі магистраль су құбырын жаңадан салу құрылыс жұмыстары бітіп елді мекенге ауыз су берілуде. Құттықожа, Қосүйенкі, Шалхия, НС-4Т, Бесарық бекеті елді мекендеріндегі насос станцияларына қайта күрделі жұмыстар жүргізілді. Бас тоғандағы қосымша **5** дана ұңғыма қазылып жатыр, толық іске қосылған жағдайда халықты толық ауыз сумен қамтамсыз етуге мүмкіндігіміз болады.

Проблемалық мәселелер.

1. Қожакент елді мекеніндегі ішкі сервистік су жүйелері өзекті мәселеге айналып тұр. Су есептегіш құралдары ыза суда тұрып істен шығып, тұрғындар есептегіш құралдарын өз қаражаттары есебінен алуға қарсылық білдіріп, жеке көру құдықтарымен су есептеуіш құралдарын орнатып беру жөнінде өтініштер айтуда.

2. Жалпы Сыр бойы елді мекендерінің абоненттік көру құдығы ішіндегі вентильдермен су таратқыштары (гребенка) су есептеуіш құралдары шіріп, тесіліп ақаулар көп орын алып отыр.

3. Түгіскен-Жаңарық бойындағы Түгіскен-Қожакент арасындағы d-280мм 3км аралық магистрал полителен трубасы жарамсыз болуына байланысты көп апаттық жағдайлар туындауда.

4. Бас тоғандағы №3 ұңғыманың құм шығарып кетуіне байланысты жоғарғы қысымды компрессормен үрлеп тазалау жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Себебі №3 ұңғыма сағатына 30-35 м3 ауыз су өндіріп тұрған. Осы мәселелерге аса назар аударуыңызды сұраймыз.

Қысқаша жасалып жатқан жұмыс барысы осы.

Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2025 жылы атқарылғын және алдығы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен камтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

Сөз алғандар:

- Түгіскен ауылының тұрғыны С.Елегенов. Жаз мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.

- М.Қабетенов – Жаз мезгілінде су қысымы аз болу себебі елді мекендер ішінде аяқ су мәселесі шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бақшаларын суарады сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.

- Байкенже ауылының тұрғыны М.Алиев. Байкенже елді мекенінде су жеткілікті екенін айтып су шаруашылығы мамандарына ризашылығын білдіріп рахметін айтты.

Қорытынды:

«Талап-Сырдария топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2025 жылы атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11⁰⁰нан-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



М.Аралбаев

Хатшы:



Б.Сейдуалиев

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы
«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы»
өндірістік бөлімшесі**

**Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету қызметі бойынша
2025 жылы атқарылған жұмыстардың есебі туралы тыңдаудың**

Х А Т Т А М А С Ы

Тереңөзек кенті

№ 6

08 сәуір 2026 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2025 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Аралбаев Минайдар Сырымович - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары.

Баяндамашы: Жумамуратов Бауыржан Самалбекович - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Н.Бисембаев - Тереңөзек кенті әкімі
2. Е.Әжікенов – аудандық маслихат төрағасы
3. А.Өтепбергенова – Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі.
4. А.Ибрагимұлы – «Аманат» партиясының Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы
5. Б.Аймағанбетов – «Бизнеске арналған үкімет» КММ директоры
6. М.Бақытжанұлы – «Сырдария аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ бөлім басшысы
7. С.Аймаханов – «Сырдария аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ бөлім басшысының міндетін атқарушы
8. К.Несипбаев – Шаған елді мекенінің әкімі

9. Б.Қыдырбаев – С.Сейфуллин елді мекенінің әкімі
10. М.Каратаев – Қалжан Ахун елді мекенінің әкімі
11. Н.Курманалиев – А.Тоқмағанбетов елді мекенінің әкімі
12. Т.Куламкадиров – Шіркейлі елді мекенінің әкімі
13. Е.Ешмұратов – Ақжарма елді мекенінің әкімі
14. С.Нурмағанбетов – Н.Ильясов елді мекенінің әкімі
15. Кент тұрғындары

Күн тәртібінде:

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ауыз су пайдаланушылар алдында су құбыры арқылы су тарату қызметінің 2025 жылы атқарылған жұмыстардың есебін беру.
Баяндамашы бөлімше басшысы Б.С.Жумамуратов.

Тындалды:

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің Тереңөзек кенті және 13 елді мекендегі халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қызмет жасап келеді. Өндірістік бөлімшеде 19 су кешені бар. Онда 33 ұңғыма, 16 су жинайтын қойма (резервуар), 19 су мұнарасы, 204 өрт сөндіру гидранты, ауыз су тарату құбырының ұзындығы 238 317 метр және 2790 құдығы бар. Сырдария ауданы бойынша 33 дана ұңғымамен ауыз су өндіріліп, 9 дана II-су көтеру насос станциялары мен 12 дана ауыз су мұнарасы арқылы халыққа 24 сағат ауыз су үздіксіз берілуде.

Тереңөзек кенті және 13 елді мекендердегі ауыз суды тұтыну әр ай сайын су есептегіш құралдарының көрсеткіштері арқылы журналға тіркеліп, обылысқа филиал диспетчеріне беріліп отырады.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық насос станцияларында хлоратор қондырғысы орнатылған. Тереңөзек кенті мен 13 елді мекендердегі ауыз су қоймалары, ауыз су мұнаралары мен ауыз су құбырларына көктем және күз айларында жылына 2 рет тазалау, жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру және кварталдық сынамалар алынып, ауыз су сапасының санитарлық–химиялық және бактериологиялық сараптамасын алу жұмыстарын 2025 жылы ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ҚОБФ-ң Сырдария аудандық бөлімшесінің зертхана мекемесінің қызметкерлері мониторинг жұмыстары жүргізіліп, су сынамаларын алып нәтижесін тексеріп хаттамаларын әзірлеп тығыз жұмыс жүргізіліп отырады.

2025 жылға бекітілген жоспарды алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес Теренөзек кенті және 13 елді – мекен бойынша 2025 жылы насос станцияларындағы ішкі құрыш құбырларындағы, камера, көру құдықтарындағы ашып-жабу реттегіш арматураларына күтім жасалып, іштерін тазалау жұмыстары жүргізілді. Сәуір айында II-ші су көтеру насос станцияларына, №1 және №2 ұңғыма (скважина) ғимараттарына, кіреберіс (проходная) ішкі-сыртқы қабырғаларына, ішкі құрыш құбырларына және өрт қалқандарына (пожарный щит) жоспарлы жұмысқа сәйкес ағымдағы жөндеу, сырлау, бояу, әктеу жұмыстары жүргізілді.

Бесарық ауылындағы 50 текше метрлік ауыз су мұнарасы апаттық жағдай кешуіне байланысты, 1000 текше метрді құрайтын жер асты су қоймасына (резервуар) жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, К насосы арқылы қазіргі таңда халыққа үздіксіз ауыз су берілуде.

Орталық қоймадан 16 дана ашып-жабу реттегіш арматуралары, 2 дана вантуз арнайы клапандары және 2 дана кері қайтпа клапандары беріліп орнатылды. Кент және елді мекендердегі ұңғымалар мен кәріз насос станцияларына жаңадан 5 дана ЭЦВ 8-25-100, 4 дана ЭЦВ 6-10-110, 2 дана ЭЦВ 6-16-110, К насос қондырғысынан 5 дана және КНС - ке (кәріз насос станциясына) 6 дана СМ 125-80-315 насос қондырғылары беріліп үздіксіз халыққа ауыз су берілуде.

Сырдария ауданының әкімінің қолдауымен «Теміржолсу-Кзыл-Орда» ЖШС-нің Теренөзек бекетіндегі шойын жол астынан өтетін құрыш құбыр тесілуіне байланысты «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты №5-ші насос стансасына қатысты Бауыржан Момышұлы көшесіндегі жер асты ауыз су ПЭ д-110мм құбырын, «Теміржолсу-Кзыл-Орда» ЖШС-нің Теренөзек бекетіндегі теңгерімдегі жер асты ауыз су ПЭ д-110мм құбырын бір-біріне жалғау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда 38 дана тұтынушыларға жаңадан су есептегіш құралдарын орнатылып ауыз су берілуде.

Сырдария ауданы әкімдігінен қаржы бөлініп демалу ретінде 4 дана ЭЦВ 8-25-100, 4 дана ЭЦВ 6-16-110 насос қондырғылары берілді. Оның ішінде:

1 дана ЭЦВ 6-16-110 маркалы насос қондырғысы Шаған елді мекеніне, 1 дана ЭЦВ 6-16-110 маркалы насос қондырғысы Н.Илиясов елді мекеніне және 1 дана ЭЦВ 8-25-100 маркалы насос қондырғылары Теренөзек кентіне салынды.

Жетікөл елді мекенінде 25 текше метрлік ауыз су мұнарасы апаттық жағдай кешуіне байланысты, 500 текше метрді құрайтын жер асты су қоймасы (резервуар) жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, ішкі құрыш құбырлары мен ашып жабу реттегіш арматуралары толығымен ауыстырылып, К насосы арқылы қазіргі таңда халыққа үздіксіз ауыз су берілуде.

Теренөзек кентінде Б.Момышұлы көшесі №6 мекен жайда орналасқан №5 насосный станциясының жер телімі тегіс (табиғи карьер) болмауына байланысты жартылай темір бетон қоршауымен орналасып, 2025 жылы жері тегістеліп батыс бөлігі толықтай қоршаланды.

Ағымдағы жылы обылыстық филиалдан қаржы бөлініп, жеңімпаз мекемелер анықталып Айдарлы, Жетікөл, Қоғалыкөл, Шіркейлі, Ақжарма,

Оның ішінде Тереңөзек кентінде – 334 абонент, Шаған елді мекенінде – 16 абонент, Шіркейлі елді мекенінде - 10 абонент, барлығы аудан бойынша 360 абонент су есептегіш құралсыз ауыз су пайдаланып отыр.

Жалпы АВАРИЯ

Аудан бойынша 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында жалпы 271 апаттық жағдай тіркелді.

Сырдария ауданына қарасты Тереңөзек кентінің кәріз жүйесі толыққанды жұмыс атқаруда.

Электр энергиясы туралы

